



БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП

Бухгалтерлік есеп- ұйымның қаржылық жағдайын, ақпараттарын өлшейтін, өңдейтін, есептейтін және оны қажет етушелірге жеткізіп отыратын жүйе болып табылады.

Қаржылық есептілікті пайдаланушылардың әр-түлі топтарының болуы бухгалтерлік есептің біріңғай жүйе ретінде 3 түрге бөлінуіне себеп болды.



БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ТАРИХЫ

Ерте заманда бухгалтерлердің өз таңбасы болған. Бухгалтерлердің интернационалдық таңбасында — Күн, Таразы және Бернуллидің қисық сызығы белгіленіп, бұл таңбаға «Ғылым — Ұлттық — Тәуелсіздік» деген сөздер жазылған.

Күн — қаржылық әрекеттің жарық болуын, таразы — баланстық теңдікті, ал Бернулли сызығы — есептің бір кезде пайда болып, өмір бойы жүргізілетіндігін бейнелеген.

Бухгалтерлік есептің пайда болып,
қалыптасуын мынадай кезеңдерге
бөлуге болады:

— Ежелгі дүние.

— Ортағасырлық.

— Ренессанс пен қосарлы
бухгалтерияның пайда болуы.

— Ғылымның пайда болуы. ХІХ ғ.
екінші жартысы.

— ХХ ғ. — бухгалтерлік есептің
үдемелі (интенсивті) дамуы.

Алғашқы сауда операциялары б.з.д. 3200 ж. саз кестелерде тіркелді. Ертедегі папирустар хронологиялық тіркеудің дамуына жол ашты. Осыдан бес мың жыл бұрын есеп жүргізу үшін піл сүйегінен жасалған кестелер қолданылды. Ерте замандағы Үндістанда сапты аяқтар шот-регистр ретінде пайдаланылды, оларға уақ тастар — бастапқы құжаттар салынатын. Греция мен Римде балауыз кестелер, мыс тақталар, кенеп, пергамент, папирус пайдаланылды. Галияда керамикалық тас тақталар мен қыш сынықтары, Перуде жіптер қолданылды. Кейіннен кодекскітаптар пайда болды.

Адамзат тарихындағы бірінші рет ірі еңбек бөлінісі — жалпы жер иеленушілер қауымынан мал бағушылардың бөлініп шығуы — тұрақты сипатқа ие болған шын мәніндегі экономикалық айырбасты тудырды.

Адамзат тарихындағы екінші ірі еңбек бөлінісі — айырбасты одан сайын дамытуға жағдай жасады.

Өнімнің біраз бөлігі ең алдымен айырбас үшін өндіріле бастады, яғни тауарға айналды. Мұның бәі айырбастың баламалығы ұғымын қалыптастыруға және құл өлшемінің пайда болуына мүмкіндік берді.

Үшінші ірі еңбек бөлінісі — көпестер тобы бөлініп шыққанда болды. Сауда айқын қоғамдық сипатқа ие болғандықтан, шаруашылық қызмет деректерін бейнелейтін бухгалтерлік теорияның пайда болуы мен дамуына жол ашты.